


*Майтапов  
Әлемі*



CNT89DA0QD L2692-60001



# Майтапов. әлемі



**Ғылыми мақалалар мен  
естелікттер жинағы**



Алматы,  
2013 жыл

УДК 821.512.122.0  
ББК 83.3 (5 Каз)  
Б 14

Жауапты шығарушы – *A. Калиева*,  
Құрастырушылар: *A. Майтанов, Е. Қаныкеіұлы*

Б 14

Майтанов әлемі:

Ғылыми мақалалар мен есептер. – Алматы: «Әдебиет Әлемі»,  
2013. – 256+24 түрлі-түсті фотосуретті жапсырма бет.

ISBN 978-601-7014-12-2

Кітапта көрнекті әдебиеттанушы ғалым, Ш.Үәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, КР Гуманитарлық ғылымдар академиясының академигі, Айтматов академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Бакытжан Қаусканұлы Майтановтың зерттеу енбектері туралы ғылыми мақалалар мен есептер топтастырылған. Б.Майтановтың 50-жылдық мерейтойында баспасөз беттерінде жарық көрген бірқатар мақалалар да осы кітаптан орын алды.

Б.Майтановтың ғалымдық, ұстаздық келбетін, азаматтық жарқын бейнесін ашатын мазмұнды мақалалар көпшілік қауымның ықыласына бөленеді деген үміттеміз.

УДК 821.512.122.0  
ББК 83.3 (5 Каз)

ISBN 978-601-7014-12-2

© “Әдебиет Әлемі” 2013

## БАҚЫТЖАНДЫ ЕСКЕ АЛУ

(Алғысөз орнына)

**Б**ақытжан Майтановтың өмірден мезгілсіз өтуі – еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін жаңа бағытта жұмыс істей бастаган қазақ әдебиеттану ғылымы үшін ауыр қайғы болғаны даусыз. Ол ұлттық әдеби мұраны жаңа заман сұраныстарына ынғайлап, жанаша бажайлауға қабылетті, жан-жақты білімдар, ойы мен өрісі кең, жас ұрпақтың көшбасшысы сияқты еді. Біз оның еңбекшилдігіне, білімділігіне, тек казак әдебиетін білумен шектелмей, әлемдік әдеби процеспен таныстығына, соларды кең көзқараспен салыстыра қарауга жететін қабылеті барлығына тәнті едік. Сондықтан да одан көп нәрсе күттік. Қолымыздан келгенше, жәрдемдестік. Қанша дегенмен, біз белгілі бір кеңестік деп аталған кезеңнің туындысымыз ғой. Сол заманның ұғым-түсінгі санамызға сіңген. Қанша жаңаруға тырысқанмен, таза аршылып кете алмайтынымыз да түсінкті. Сондықтан мен өз бетінше ізденіс жасап, кеңестік стандарттың шеңберінен шығу қолынан келетін жігіттердің бетінен каккан адам емеспін. Қайта олардың ізденістеріне қолдау көрсетіп, біз көрмегенді көрғен, біз айта алмағанды айтамыз деп ұмтылған жастарды демеуге тырыстым және тырысып қелемін. Сондай бағытта жана сез айта алатын таланттымыз ен алдымен осы Бақытжан Майтанов еді. Ол өзін әдебиеттің теориясына дайындалды. Қазақ коркем сөзінің поэтикасын, әдебиеттік стиль мен әдеби бағыт-бағдар, ағым мәселелерін зерттеуге ұмтылды. Осы ізденіс үстінде ол қазақ әдебиетіндегі модернистік және постмодернистік ұлгілердің барлығына назар аударды. Бұрын жаңа шығармаларды тек социалистік реализм ауқымында қарастырып үйренген бізге ол тіпті

## МАЗМҰНЫ

**С.Кирабаев. Бақытжанды еске алу. Алғысөз ..... 3**

### I БӨЛІМ

#### **Б.Қ.МАЙТАНОВТЫҢ ГЫЛЫМИ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ОЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРИ**

<b>Қалижанов У.</b> Әрінтең жайлы бірер сөз .....	8
<b>Тебегенов Т.</b> Бақытжан Майтановтың шығармашылығындағы акындық пен ғылыми таным тұтастығы .....	11
<b>Салқынбай А.</b> Қазақ әдебиетінің Бахтині .....	18
<b>Абдулина А.</b> Ученого дар вдохновенный .....	25
<b>Сафронова Л.</b> Междисциплинарные исследования в работах доктора филологических наук, профессора Б.К.Майтана .....	29
<b>Пірәлиева Г.</b> Сөз мәйегін іздеген .....	32
<b>Орда Г. Б.</b> Майтановтың «Тәуелсіздік – құрес мұраты» атты зерттеу еңбегі туралы .....	38
<b>Жұмағұлов С.</b> Бақытжан Майтанов және әдеби сын эстетикасы .....	49
<b>Орда Г.</b> «Гылымның бағын баптап бір күту бақыт-ты, қызық-ақ еді алса да талай уақытты» .....	55
<b>Жарылғапов Ж.</b> Б.Майтанов және ұлттық әдебиеттің теориялық мәселелері .....	66
<b>Әбдіқұлова Р.</b> Б.Майтановтың «Портрет поэтикасы» зерттеуіндегі жанашыл нысандар .....	74
<b>Ананьева С.</b> Современный литературный процесс Казахстана, его художественное своеобразие и особенности поэтики в трудах Б. Майтана .....	79
<b>Кайшыбаева Р.</b> Комплексный исследователь художественного творчества .....	86
<b>Қалқабаева С.</b> Бақытжан Майтановтың поэтика саласындағы зерттеулері .....	90
<b>Сарсекеева Н.</b> Проблемы психологизма в наследии Б.К.Майтана и проза о художнике .....	96
<b>Болсынбаева А.</b> Б.Майтанов – әуезовтанушы галым .....	102
<b>Акашева С.</b> Теория психологизма в трудах Б.Майтана .....	108
<b>Ойсылбай А.</b> Б.Майтанов зерттеулеріндегі М.Әуезов мұрасы .....	114
<b>Баянбаева Ж.</b> Әуезовтануға қосылған үлес .....	119

5



LOGO-200

Хамзина Қ. Көркемдік-эстетикалық талдау	
Б.Майтанов зерттеулерінде .....	125
Жақанова Ж. Б.Майтановтың ғылыми қызметі жайлы ой-толғам .....	129
Оспанова А. Бақытжан Майтанов XX ғасыр басындағы әдеби даму туралы .....	132

**II БӨЛІМ  
«ЕСТЕЛИК – ЖАДЫ МУРАГАТЫ»**

Изатов А. Воспоминание о Бахытжане .....	136
Менірманов Ф. Есімі мәнгі есте болады .....	138
Майтанова М. Мағыналы ғұмыр .....	141
Сейітжанов З. «Тіршілік шпркін – жіңішке жіш тартылған» .....	147
Хамзин М. Парасатты азамат еді .....	152
Әбдезұлы Қ. Көш бастаған дарабоз .....	157
Мәдібай Қ. Майтановтың маңызды пайымы .....	161
Кунаев Д. Памяти замечательного человека и крупного ученого .....	171
Әкім Т. Ең жақын индей болған Бақытжан .....	174
Алтыбаева С. Звезда первой величины современного литературovedения Казахстана .....	178
Ақыш Н. Тиянакты талант иесі еді .....	184
Орда Ф. «Адам кейпіндегі періште».....	189
Рахымжанов К. Шынайы достық адамы .....	195
Қанықейұлы Е. Жанында жүрдік жаксының .....	202
Қалиева А. Фалым. Ұстаз .....	207
Сағымбекқызы Б. Достыктың қадірі ерекше .....	212

**III БӨЛІМ  
ӘДЕБИЕТТАНУШЫ ҒАЛЫМ Б.МАЙТАНОВТЫҢ 50 ЖАСҚА  
ТОЛУЫНА ОРАЙ ЖАРЫҚ КОРГЕН МАҚАЛАЛАР**

Кирабаев С. Талап пен талғам .....	216
Жетпісбаева Б. Источник вдохновения ученого .....	220
Раев Қ. Сырлы әлемге соны із салған .....	226
Рахманова Ж. Уакыт жүргін сезіну .....	230
Басты назар – бүгінгі әдебиетте (К.Мәдібайдын Б.Майтановпен сұхбаты .....	233
Ахет М., Атығай Б. Майтанов мектебі .....	247

шеберлігіне, өмірдің күрделі табиғатына тәнті қылатын, тарихи мәні зор эстетикалық, эмоционалды-психологиялық, пластикалық, антропометриялық құндылық». Осынау түйін сөзде ғалымның ұзақ зерттеген, ауқымды таным аясында танып білген, қашама мәтіндерді штеп актaryп тексерген еңбегінің ашы тері мен мәуелі жемісі жатыр.

Бақытжан Майтанов кез келген әдеби-теориялық мәселеде тыннан жол табатын, бұрын ешкім айтпаған тақырыпты көтере алатын қасиетімен көзге түсті. Көркем шығарманың өзін сөйлете отырып осы тұстан танымдық маңызы терең, коркемдік құндылығы өте жоғары ой толғамдарға жол ашып отыратын оның стилі барлық зерттеулерінде тайга таңба басқандай сайрап жататын.

Ешкімді қайталамайтын, өзіндік ғылыми стилін, сыншылық сөз саптасын сан жылдар бойында меруерт қырларында шындал, шиratып, ең жоғары деңгейге жеткізген қаламгер қолтаңбасы бүгінгі күнге деңгейде жарқырап қөрініп тұр. Бақытжан Майтановтың рухани мұрасы сондықтан да оқырман тарарапынан әрдайым жоғары бағасын алғып, әрдайым сұраныста болатындығына күмәнім жок. Әдебиет тарихы, әдебиет сыны, казіргі әдебиеттандыру ғылыми көтерілген биікті Бақытжан Майтанов еңбектері де сенімді тұратындығына көзім толық жетеді.

**Қанипаш МӘДІБАЙ**

## **МАЙТАНОВТЫҢ МАҢЫЗДЫ ПАЙЫМЫ**

Бакытжан Майтановтың шығармашылық тылсымын мейлінше қарман жеткізу мақсатындағы сөз жұмсау, сөз ұстау, сөз ұксатуға икемділік белгілері оның алғашқы сын-зерттеу енбектерінде-ак меннүндалап тұрған болатын. Құбылған дүниенің тылсым құйлеріне шеинің дөп түсіп көркемдік өзегіне тартқан шеберлік тәсілдерінің бүккенін жазып, жасырганын табуға соншалықты ынтық жас зерттеуіші ә дегеннен-ак талай-талай қолданысқа түсіп, таусыла, сарқыла бастаған сөз оралымдарына тізгін бермеуді ұстанғанын көреміз.

1983 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Көркемдік нәрі» әдеби-сын мақалалар жинағы қазақ әдебиеттану ғылымына тыңға турен сала келген қарымды сыншыны танытқан. Осы зерттеу жас әдебиеттанушының таңдауы тастай, бағыты қайырлы екенін көрсетті. Ойы озық. Ғылыми әдебі қандай. Жас еді дейтіндей емес, әлемдік әдеби талғам ұстаханасынан әбден шындалып шыққан қәніңі сыншының болмысы бой қөрсеткен сонда.

Айғайлап дабыл қаққан жоқ. Бірақ шынның сөзін сыпайылап отырып-ақ төбеден түскендей етіп айтып тастап еді.

«Озық тұрғыдағы қазақ романы, оның жанрлық ерекшеліктері, түрлі теориялық проблемалары совет әдебиеттану ғылымы мен сыннында әр қырынан, жан-жақты қарастырылып, талданғанын айту парыз. Алайда Ұлы Октябрь революциясы туралы жазылған біздің үздік туындыларымыз психологиям мәселелері аясында және көркемдік құрылым жүйесі бойынша арнайы сөз болған жоқ. Бұл саладағы құнарлы ғылыми-сын ізденістері енді басталып келе жатыр» /1, 3/.

Жас сыншы екпіндеп сөйлеуге жоқ болатын. Кішрейе отырып, күн тәртібіне әдеби зерттеудің қашанғы ең өзекті құйлерін батыл қосқан.

«Мұндай жол қаламғерлердің дара қасиеттері мен типологиялық белгілерін ашып ажыратуға, дәлірек пікір түюғе мүмкіндік беретін тәрізді. Әлеуметтік-психологиялық талдау көркемдеу тәсілдерін түгел, екші пайдалануға бенім болғандықтан, кітаптағы негізгі проблема төнірегінде қазақ романының мазмұн байлығы мен поэтикалық құралдар жүйесі туралы да ойлануға талпынамыз» /1, 4/.